

Маңызды ақпарат

Құрметті тұтынушылар,

«Нестле Фуд Қазақстан» ЖШС Қазақстан Республикасының аумағында балалар тағамы өнімдерінің шектеулі мөлшерін – белгілі бір партиялардағы тез еритін сүтті және қышқыл сүтті құрғақ қоспаларды және аминқышқылдары негізіндегі емдік диеталық тамақтандыруға арналған құрғақ қоспаны ерікті түрде кері қайтарып жатқанын хабарлайды:

NAN 1 OPTIPRO - партиясы: 51500346AA, 51740346AC, 51510346AA, 52180346AA, 51740346BA, 52200346BA

NAN 2 OPTIPRO - партиясы: 51420017C5, 51670017C2, 52940017C2, 51680017A1, 5200167811, 5200167821, 5220167821, 5240167821, 5241167821, 5256167811

NAN сүтқышқылды - партиясы: 51220017A2, 51230017A1

NAN лактозасыз - партиясы: 51400346AA

ALFARÉ Amino - партиясы: 51050017Y2

Бұл қайтарып алу шарасы сақтық ретінде жүзеге асырылуда және сыртқы жеткізушіден алынған шикізатта (арахидон қышқылы) цереулид уытының болуы ықтимал қауіпінің анықталуына байланысты «Нестле» компаниясы жүргізіп жатқан балалар тағамы өнімдерінің белгілі бір партияларын жаһандық деңгейде ерікті түрде кері қайтарып алу шараларының бір бөлігі болып табылады. Бұл ингредиенттің мөлшері аз болғанына және Қазақстанда тамақ өнімдерінде цереулид уытының мөлшерін нормалау көрсеткішінің жоқтығына қарамастан, «Нестле Фуд Қазақстан» ЖШС Нестле компаниясының ықтимал тәуекелдерді төмендету жөніндегі жаһандық шешімі аясында балалар тағамы өнімдерінің шектеулі партияларын ерікті түрде қайтарып алу жөніндегі іс-шараларды бастады.

Өнімді қайтарып алу туралы шешім сақтық шарасы ретінде және компанияның сапа мен қауіпсіздік жөніндегі қатаң хаттамаларына сәйкес қабылданды. «Нестле Фуд Қазақстан» ЖШС реттеуші органды хабардар етті және барлық қажетті ақпаратты ұсынуға дайын.

Аталған партиялардағы өнімді сатып алған тұтынушылардан оны «Нестле Фуд Қазақстан» ЖШС айқындайтын және тұтынушылардың назарына жеткізілетін тәртіппен қайтаруды сұраймыз.

Тұтынушыларға ақшалай қаражатты қайтару және өтеу үдерісі туралы ақпарат та жақын арада жарияланатын болады.

Егер Сізге кеңес қажет болса, келесі нөмір бойынша тұтынушыларды тәулік бойы қолдау қызметіне хабарласуыңызды сұраймыз: **+8 800 080 55 44**.

Бұл қайтарып алу компания жүргізген ықтимал қауіптерді бағалау аясында әсер етуі мүмкін өнімнің шектеулі партияларына ғана қатысты. Қайтарып алу шарасы басқа партиялардың өнімдеріне және Нестле компаниясы Қазақстанда ұсынатын кез келген басқа балалар тағамы өнімдеріне қатысты емес.

Біз тұтынушыларымыз бен клиенттерімізге келтірілген қолайсыздықтар үшін шын жүректен кешірім сұраймыз.